

Аға тәлімгердің жұмысын талдау 2021-2022 оқу жылы

Жұмысымның мақсаты:

- өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Жұмысымның міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани -адамгершілік әлеуметтік қалыптастыру.

- Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;

- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;

- Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

- Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Аға тәлімгер жұмысының негізгі мақсаты әлеуметтік-бағытталған қызметке қабілетті белсенді азаматтық ұстанымы бар шығармашылық тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау, адамгершілік әлеуеті жоғары тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Аға тәлімгердің басты міндеті - балалар үшін көшбасшы емес, қиын, бірақ қызықты жұмыста аға жолдас болу. Сондықтан оның басты міндеттерінің бірі-мектепте оқушылардың өзін-өзі басқарудың қолданыстағы жүйесін құру, оның қызметін жүйелеу 2021-2022 оқу жылында атқарылған іс-шаралар есебі:

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 1 қыркүйек – «Білім күні» мерекелік іс-шарасы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналып «Кел,балалар оқылық!» тақырыбында жиын болып өтті.



18.09.2021ж Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында «Денсаулық күніне» орай 5 «ә» класында флешмоб ұйымдастырылды.

Өткізген: аға-тәлімгер А.Бимолдина, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі М.Жакенов



2021 жылдың 25 қыркүйек күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында бастауыш кластар арасында «Денсаулық» және «Отбасы» күніне орай «Спорт өмірді ұзартады» ұранымен «Әке, ана және мен, спортшымыз шетінен!» атты көңілді старт жарысы өткізілді. Жарысқа 12 команда қатысты, үздік шыққан отбасылар мадақтамалар және сыйлықтармен марапатталды.

Ұйымдастырушылар: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова, аға-тәлімгер А.Бимолдина және дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері.



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында 2021-2022 оқу жылында өткізілген қайырымды іс-шаралар өте көп. Мектебімізде оқушылар бастаған «Мейірім» еріктілер тобы бар. Бұл топ көмекке мұқтаж қарт адамдарға күз және қыс мезгілінде қар күреуге, ағаш жаруға, үй шаруашылығына көмектесіп, белсенді жұмыстар атқарады. Бүгін біздің 11 класс оқушылары аға тәлімгер А.Бимолдина, класс жетекшілері А.Байтемировамен бірге Қарақұнанова Қырмызы әженің үйіне барып, ауласын жинап көмектесті. Әже риза болып, оқушыларға ақ батасын берді.



17 қараша күні Қорғалжын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, аудандық кітапханада жерлесіміз, жас ақын Жамкеев Ербол Қабылдаұлының Қорғалжын ауданының жастарымен "Қадіріңнен айналдым, уа еркіндік" атты рухани кездесу кеші өтті. Кешке аудан әкімінің орынбасары Д.Сабырғали қатысып, ақынға арнап құттықтау сөз сөйлеп, аудан әкімінің алғыс хатын табыстады. Ақынға естелікке Қорғалжынның 90 жылдығына арналған кітабын тарту етіп, иығына шапан жапты. Кеште ақын туралы бейнеролик көрсетіліп, К.Күмісбеков атындағы аудандық мәдениет үйінің көркемсөз оқу шеберлері студиясының шәкірттері ақынның өлеңдерін оқыды. Рухани кешке Қорғалжын мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушылары қатысып, ақынға ойларында жүрген сұрақтарын қойып, жауап алды.

Кеш соңында Е.Қабылдаұлы өзінің жаңадан шыққан «Бала жүрек» атты әңгімелер жинақ кітабын оқырмандарына және де аудандық кітапханаға сыйға тартты. Рухани кеш өткізудегі басты мақсатымыз-жергілікті ақын- жазушыларды ардақтау, шығармашылығын насихаттау және жас буынды патриоттық, ұлттық рухта тәрбиелеу болып табылады.



20.11.2021ж. күні сағат 12:00 де Ақмола облысы Қорғалжын ауданының «Fitness Park KZ» дене шынықтыру мен спортты насихаттаудың бағдарламасы және әдістемесі аясындағы жаппай дене шынықтыру жаттықтырушылары келді. Жаттығуға 6-7 кластар арасынан 128 оқушы және Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының дене шынықтыру мұғалімдері қатысты.



"Қорғалжын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің" бастамасымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, өзге ұлт өкілдерінің арасында "Қазақша караоке-2021" ән байқауы өткізілді.



16.03.2022 Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының аға-тәлімгері А.Бимолдина 8 класс оқушыларымен бүгін, яғни 16 наурыз күні Қорғалжын аудандық мәдениет үйінде Caravan of friendship “Мейірімділік пен достық” керуені өтті.



01.03.2022ж Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында "1-Наурыз алғыс айту" жоспарына сай "Алғыс айту – парызым!" тақырыбында мектебімізде 1-11 класс оқушыларымен класс жетекшілері класс сағатарын өткізіп, оқушылар арасында мейірімділік, сыйластық, алғыс айту, ата-анаға, ұстаздарға деген құрметтерін білдірді.



15.04.2022 ж. Қорғалжын ауданының мектептері арасында өткізілген 1 сәуір Халықаралық құстар күніне арналған “Құстар – біздің досымыз” атты көңілді тапқырлар клубы (КВН) сайысынан Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының «kshg.com» командасы жүлделі 1-орынға ие болды.



01 сәуір мен 20 сәуір аралығында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының оқушылары "Балдәурен-Балқаш" оқу-сауықтыру орталығында демалып, оқып, түрлі іс-шараларға қатысып қайтты. Оқушылар уақыттарын өте қызықты өткізіп, оқу-сауықтыру орталығынан көтеріңкі көңіл күймен оралды. Ата-аналары да риза болып, Қорғалжын ауданының Білім бөліміне және Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының әкімшілігіне өз алғыстарын айтты.



20.05.2022ж. Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 8 класс оқушыларына оқу жылының соңына орай үздік оқушыларға арнайы ұйымдастырылған Нұр-Сұлтан қаласының «Астана-Опера» мемлекеттік опера және балет театрына барды.




25 мамыр күні Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының «Түлек 2022 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты жылдағы үрдіспен салтанатты жиын болып өтті.



2021-2022 оқу жылдары аралығында мектепшілік Парламент өзін-өзі басқару ұйымы атқарған іс-шаралар есебі

Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында 2021-2022 оқу жылында өткізілген қайырымды іс-шаралар өте көп. Мектебімізде оқушылар бастаған «Мейірім» еріктілер тобы бар. Бұл топ көмекке мұқтаж қарт адамдарға күз және қыс мезгілінде қар күреуге, ағаш жаруға, үй шаруашылығына көмектесіп, белсенді жұмыстар атқарады.



2022 жылдың 26 ақпан күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында оқушылар мен ұстаздар назарына сахналандырылған заманауи қойылым ұйымдастырылды.



12.03.2022ж «Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» КММ мектебімізде оқушылар бастаған «Мейірім» еріктілер тобы бар. Бұл топ көмекке мұқтаж қарт адамдарға күз және қыс мезгілінде қар күреуге, ағаш жаруға, үй шаруашылығына көмектесіп, белсенді жұмыстар атқарады. Бүгін біздің 10 класс оқушылары аға тәлімгер А.Бимолдина, класс жетекшілері А.Серикова және И.Сураевамен бірге Супрун Евдокия Гавриловна әженің үйіне барып, ауласын жинап, су тасып көмектесті.



15.03.2022ж Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында оқушылар бастаған «Мейірім» еріктілер тобы бар. Бұл топ көмекке мұқтаж қарт адамдарға күз және қыс мезгілінде қар күреуге, ағаш жаруға, үй шаруашылығына көмектесті.



15.04.2022 ж. Қорғалжын ауданының мектептері арасында өткізілген 1 сәуір Халықаралық құстар күніне арналған “Құстар – біздің досымыз” атты көңілді тапқырлар клубы (КВН) сайысынан Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының «kshg.com» командасы жүлделі 1-орынға ие болды.



05.05.2022 күні 9 “а” класының оқушыларымен, аға-тәлімгер А.Бимолдина мектебіміздің ардагер - ұстазы Ерік Теңкейұлының ауласын жинап, жер қазып, көмек қолын созды. Ардагер оқушыларға шексіз алғысын білдіріп, ақ батасын берді. Әрқашан көмек қолын созуға дайынбыз!!!



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 2021-2022 оқу жылындағы «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымының есебі

8 "б" класында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орай "Біз-тәуелсіз елміз" зияткерлік сайысы өтті.



14 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орай “ЖАҒАНДЫҚ ҚАЛА-ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ” атты конференция өтті. Жиынға Жас ұлан ұйымының белсенді оқушылары қатысты.



Мектептегі өзін-өзі басқарулар арасындағы «Бағытымыз айқын, мақсатымыз анық» сырттай облыстық үздік портфолио байқауына 11 «а» класс оқушысы Әбілпайыз Сандуғаш және «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасы аясында мектеп оқушылары арасында «Үздік Ұланбасы – 2021» облыстық байқауына 11 «б» класс оқушысы Марленқызы Мадина қатысып, сертификаттар мен алғыс хаттарға, бағалы сыйлықтарға ие болды.



11 кластар арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына орай "Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз" атты интеллектуалды-танымдық ойын өтті. Мақсаты: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында оқушылардың мектепте меңгерген білім деңгейін анықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін, жан-жақты ой өрісін жетілдіру, ой ұшқырлығын, оқуға деген ынтасын, арттыру.



16.03.2022 Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының аға-тәлімгері А.Бимолдина 8 класс оқушыларымен бүгін, яғни 16 наурыз күні Қорғалжын аудандық мәдениет үйінде Caravan of friendship “Мейірімділік пен достық” керуені өтті.



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 2021-2022 оқу жылына арналған «Жас Ұлан», «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер үйірмесіне қабылданған оқушылар тізімі

№	Оқушының аты-жөні	Класс	Оқу жетістігі
1.	Еркинова Аделя	2 а	Үздік, белсенді
2.	Каппасова Зарина	2 а	Үздік, белсенді
3.	Бейсентай Дарига	2 а	Үздік, белсенді
4.	Бименди Нурасыл	2 ә	Үздік, белсенді
5.	Жумабай Коркем	2 ә	Үздік, белсенді
6.	Иманов Акжол	2 ә	Үздік, белсенді
7.	Картай Айару	2 б	Үздік, белсенді
8.	Нурмаганбетова Сайна	2 б	Үздік, белсенді
9.	Назымбеков Нурдаулет	2 б	Үздік, белсенді
10.	Федорович Максим	2 в	Үздік, белсенді
11.	Казбекқызы Жазира	2 в	Үздік, белсенді
12.	Сембаева Айым	3 а	Үздік, белсенді
13.	Сағындық Айша	3 а	Үздік, белсенді
14.	Канатова Элия	3 а	Үздік, белсенді
15.	Жумабай Аяулым	3 ә	Үздік, белсенді
16.	Даниярқызы Дария	3 ә	Үздік, белсенді
17.	Мейрамқызы Зере	3 б	Екпінді, белсенді
18.	Бахтыгельды Сезім	3 б	Екпінді, белсенді
19.	Байжуманова Сания	3 б	Екпінді, белсенді
20.	Бекказы Айбар	3 в	Үздік, белсенді
21.	Серик Нурасыл	3 в	Үздік, белсенді
22.	Оракбай Гульчехра	3 в	Үздік, белсенді
23.	Боранбаева Ханым	4 б	Белсенді оқушы
24.	Сембаева Айша	4 а	Үздік, белсенді
25.	Есімжан Айсұлу	4 а	Екпінді, белсенді
26.	Аяпбеков Алтынбек	4 а	Үздік, белсенді
27.	Айтпай Таймурат	4 б	Белсенді оқушы
28.	Малгаздарова Данара	5 ә	Үздік, белсенді
29.	Болатова Гулназ	5 а	Үздік, белсенді
30.	Сембаева Айша	5 а	Үздік, белсенді
31.	Куандық Амира	5 ә	Үздік, белсенді
32.	Ораз Інжу	6 ә	Үздік, белсенді

33.	Абдрашид Сабина	6 ә	Үздік, белсенді
34.	Серік Ерасыл	6 ә	Үздік, белсенді
35.	Алтынбек Айару	6 б	Екпінді, белсенді
36.	Данияркызы Зере	6 б	Екпінді, белсенді
37.	Картенбай Жансая	6 б	Екпінді, белсенді
38.	Оразалиева Арайлым	6 в	Үздік оқушы
39.	Нысанбаева Аяжан	6 в	Үздік, белсенді
40.	Айденгали Ералы	7 а	Үздік оқушы
41.	Боштаева Акниет	7 а	Үздік, белсенді
42.	Ермекбаев Иманолі	7 а	Үздік оқушы
43.	Ислям Айым	7 а	Үздік, белсенді
44.	Айткенова Айтолқын	7 а	Үздік, белсенді
45.	Кажыкен Аружан	7 а	Үздік, белсенді
46.	Талгат Назира	7 в	Екпінді, белсенді
47.	Идиатуллина Дильназ	7 в	Екпінді, белсенді
48.	Нурмагамбетова Сабина	8 а	Үздік, белсенді
49.	Картаева Нурай	8 а	Үздік, белсенді
50.	Каптысаямова Сабина	8 а	Үздік, белсенді
51.	Кабыл Арайлым	8 б	Үздік, белсенді
52.	Нурлан Бакыт	8 б	Үздік, белсенді
53.	Садыкова Жансая	8 б	Үздік, белсенді
54.	Иманбеков Жалгас	9 а	Екпінді, белсенді
55.	Мирахманова Жанель	9б	Үздік, белсенді
56.	Туғанбаев Айдын	9 б	Екпінді, белсенді
57.	Шүкіржанова Ляззат	9 б	Екпінді, белсенді